

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН МЕРЗІМІНЕН
БҰРЫН АЛҒАН КЕЗДЕ ЖТС ҰСТАП ҚАЛУ





Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын біржолғы зейнетақы төлемдерінен жеке табыс салығын (бұдан әрі – ЖТС) есептеу, ұстап қалу және төлеу ерекшеліктері Салық кодексінің 351-1-бабында көзделген. Бұл ретте БЖЗҚ ЖТС Салық кодексінің 320-бабында белгіленген мөлшерлемелерді (10% мөлшерінде) біржолғы зейнетақы төлемі сомасына қолдану арқылы есептейді. Салық кодексінің 351-1-бабы 2-тармағына сәйкес БЖЗҚ-дан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомасынан ЖТС ұстап қалу және аудару жеке тұлғаның ЖТС ұстап қалу туралы өтінішіне сәйкес БЖЗҚ мынадай тәсілдердің бірі бойынша жүргізіледі:

- 1** Кодекстің 351-бабында көзделген тәртіппен біржолғы зейнетақы төлемін жүзеге асыру күнінен кешіктірмей;
- 2** БЖЗҚ белгілеген зейнетақы төлемдері кестесі бойынша ай сайын он алты жылдан аспайтын мерзімге тең үлестермен.

ЖТС ұстап қалу зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жеке тұлға БЖЗҚ атынан салық агентіне ұсынған ЖТС ұстап қалу туралы өтініштің негізінде жүргізіледі.



Жеке тұлға Салық кодексінің 351-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемдерінен ЖТС ұстап қалу туралы өтініш берген кезде ЖТС төлем күнінен кешіктірілмей ұстап қалуға жатады, бұл ретте ЖТС сомасының есебі мынадай түрде болады:



*біржолғы зейнетақы төлемі сомасынан ЖТС есептеу: 222 222,22 теңге = 2 222 222,22 * 10%*



ЖТС ұстап қалу ескерілген біржолғы зейнетақы төлемінің сомасы: 2 000 000,00 теңге = (2 222 222,22 – 222 222,22)



Жеке тұлға Салық кодексінің 351-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемдерінен ЖТС ұстап қалу туралы өтініш берген кезде, ЖТС ұстап қалу және аударуды БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемінен белгіленген кесте бойынша жүзеге асыратын болады.

Біржолғы зейнетақы төлемін жүзеге асыру кезіндегі ЖТС есебі:

- біржолғы зейнетақы төлемі сомасынан ЖТС есептеу:*
200 000,00 теңге = 2 000 000,00 * 10%
- ЖТС төлем көзінен ұсталмайтын біржолғы зейнетақы төлемінің сомасы:*
2 000 000,00 теңге

Зейнетақы жасына жеткен кезде ЖТС есептеу және ұстап қалу тәртібі:

- жасына байланысты ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері – 44 000,00 теңге;*
- ЖСН – 150,00 теңге (44 000,00 – 42 500,00)*10%,*
мұнда 42 500,00 теңге – Салық кодексінің нормаларына сәйкес жалақының 1 ең төмен мөлшері мөлшерінде салық шегерімі;
- біржолғы зейнетақы төлемінің сомасы – 2 000 000,00 теңге;*
- БЖЗҚ белгілеген зейнетақы төлемдері кестесі бойынша 16 жылдан аспайтын уақыт ішінде тең үлестермен есептелген біржолғы зейнетақы төлемі бар ЖТС сомасы – 1 041,00 теңге (2 000 000,00*10%):192,*
мұнда 192-айлар саны (16 жыл*12);
- төленетін сома – 42 809,00 теңге (44 000,00 – 150,00 – 1 041,00).*